

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ДИСЛЕКСИЯ МЕН ДИСГРАФИЯНЫ ТҮЗЕТУДІҢ АСПЕКТІЛЕРІ: КЕШЕНДІ ТӘСІЛДІ СӘТТІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Айтказы Ш.М.* , Абызова А.М. 

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.

*e-mail: shaitkazieva@gmail.com, rakhimova-86@mail.ru

Тіл мен сөйлеу – адамның ойлауы мен қарым-қатынасының ажырамас бөлігі. Қазіргі таңда оқу, жазу дағдыларының бұзылысы көптеген балаларда кездеседі. Мақалада дислексия, дисграфия сияқты ұғымдарға ғылыми анықтама, сондай-ақ олардың белгілері сипатталады. Дислексия мен дисграфияны түзетудің лингвистикалық аспектілеріне ерекше назар аударылып, зерттеу қарастырылады. Авторлар оқу мен жазудағы бұзылулардың түрлі түрлерін сипаттай отырып, бұзылыстардың жекелей емес, кешенді талдау қажеттілігін атап өтеді. Зерттеу барысында балалардың оқу дағдыларындағы қиындықтарды шешуге арналған арнайы жаттығулар мен тапсырмалар ұсынылады. Сапалық әдіс пен бақылау, эксперимент әдістері арқылы алынған мәліметтер нәтижесінде, дислексиямен ауыратын балалардың оқу дағдыларын жақсартуға бағытталған түзету жұмыстарының тиімділігі көрсетіледі. Ерте диагностика мен уақытында көмек көрсету арқылы балалардың оқу дағдыларын дамыту мүмкіндіктері артатыны баяндалады. Мақалада нейропсихологиялық және педагогикалық аспектілерді интеграциялау қажеттілігі, сондай-ақ мұғалімдердің арнайы білім алуының маңыздылығы ерекше назарға алынады.

Кілт сөздер: дислексия, дисграфия, нейролингвистика, оқу және жазу бұзылыстарын түзету механизмі.

Кіріспе

Бүгінгі таңда қарым-қатынастың құрамдас бөлігі жазбаша сөйлеуді меңгеру маңызды болып табылады. Осы орайда оқу мен жазуды сауатты игеруде қиындықтарға тап болатын балалардың саны күннен күнге артып жатқанын айтып өту қажет.

Арнайы әдебиеттерде оқу мен жазуды меңгеру үдерісіндегі бұзушылықтарды белгілеу үшін «алексия» (мүлде оқи алмау), «дислексия» (оқу дағдысының жеткіліксіздігі, бұзылуы), «дисграфия» (жазу дағдысының жеткіліксіздігі, бұзылуы) сияқты терминдер қолданылады [1]. Бұзылушылықтардың түрлерін зерттеу кезінде терминдер жекелей қолданылады, бірақ балалармен нақты практикалық жұмысқа көшу кезінде көптеген факторлардың күрделі көрінісі мен өзара байланысын сабақтастықта, кешенді түрде қарастыру керек. Қазақ тілі сабағында кездесетін бұл мәселені шешу, оқушы үшін пайдалы болмақ. Себебі оқушы басқа пәндерді меңгеруі үшін, берілген ақпаратты дұрыс түсінуге алып келеді. Тіпті математика, физика сабақтарында мәселе есепті шешу үшін оқушының бойында дислексияның болмағаны маңызды. Сол себепті дислексия мәселесі өзекті болып табылмақ.

Оқу және жазу дағдылары – жоғары психикалық функциялар. Бұл дағдылар бір-бірімен жүйелі байланысып, қиылысатын ми субстратының жұмысымен реттеледі [2]. Сондықтан балада тек дислексия немесе дисграфия бар деп бөліп, айта алмаймыз. Көбіне бұл бұзылулар белгілі бір ауырлық дәрежесіне байланысты қатар дамиды. Сол себептен нейропсихологтар «оқудағы қиындықтар» деген бірыңғай терминді ұсына отыра, бұзылушылықтарды синдромдық талдаудың (яғни бастапқы ақауды анықтау, содан соң оның екіншілік салдарын, кейін одан туындаған үшінші реттік функционалдық бұзылыстарды анықтау) қажеттілігін атап көрсетеді [3].

Біз өз кезегімізде баланың «оқудағы қиындықтарын» шешу үшін арнайы жаттығулар мен тапсырмаларды құрастырдық. Бұл тапсырмаларды орындау арқылы, дислексиясы мен дисграфия сынды бұзылулары бар оқушылар бұл «оқудағы қиындықтарды» еңсереді деген болжамымыз бар.

Материалдар мен әдістер

Бұл мақалада қарастырылып отырған зерттеуіміз туралы ақпаратты жинау барысында біз сапалық әдісті пайдаландық. Ал лингвистикалық түзету жасау үшін біз бақылау, эксперимент әдістерін қолдандық. Дислексия мен дисграфия ұғымдарына анықтама мен шетелдік әдебиеттерді қарастыру барысында кейс-стади, талқылау әдістері қолданылды.

Ағылшын тіліндегі әдебиеттерде оқу дағдысындағы бұзылушылықтар мен когнитивті бұзылуларды жеке қарастыру сирек кездеседі. Оқудағы қиындықтарды, оқу, жазу дағдыларының бұзылысын ортақ атаумен «даму дислексиясы» (ағылш. - developmental dyslexia) деп атайды [4]. Отандық және ресейлік зерттеу еңбектерінде дислексия және дисграфия біртұтас емес, жекелей қарастырылатынын атап өту қажет.

Дисграфия жағдайында балаларда ұзақ жылдарға созылған жазу дағдысы бойынша үнемі қайталанып отыратын қателіктер байқалады. Дамудың мұндай ерекшеліктері оқушыға қажетті дағдыларды игеруге, ұжымға бейімделуге, толыққанды білім алуға елеулі кедергі тудырады.

Батыс еңбектерінде дислексиямен ауыратын адамдардың ми құрылымының нейроанатомиялық ерекшеліктерінің қарастырыла басталуы XIX ғасырдағы неврологиялық зерттеулерге негізделген [5]. Дегенмен ұзақ жылдар бойы бірен-саран ғана тәжірибелер өткізіліп, ауқымды зерттеулер жүргізілмеді. Тек соңғы онжылдықтарда жағдай айтарлықтай өзгеріп, дислексияның ми механизмдерімен байланысын зерттеу көптеген елдерде қолға алына бастады.

Ғалым Гайан Гвардиоланың айтуынша, оқу қабілетінен айырылған адам туралы алғашқы медициналық жазба 1670 жылдарға тиесілі. 1878 жылы неміс терапеві Адольф Кусмаул жазбаша мәтінді түсінуде және сөздерді белгілі бір мәнмәтінде қолдануда қиындықтарға тап болған науқастарды зерттеді (бұл құбылыс кейінірек «афазия» деп аталады) [6]. Дислексия терминін алғаш рет неміс офтальмологы Р. Берлин 1887 жылы қолданған. Алғашында дислексия ересектердің визуалды дисфункцияларын сипаттау үшін қолданылып, яғни мидың зақымдануынан немесе жарақатынан оқу қабілетінің бұзылушылықтары пайда болады деп саналды.

Дислексияның тек медициналық аспектісі ғана емес (оқудағы қиындықтардың тек физиологиялық жарақаттан пайда болмайтынын) британдық дәрігерлер Дж.Керр және У.Морган 1896 жылы анықтайды. Дәрігерлер ғылым тарихында 14 жасар Преси есімді баланың оқиғасын жариялайды. Қарым-қатынас жасау барысында Преси орташа интеллектілі жасөспірім болғанына қарамастан оқи алмайды. Дәрігер Морган келтірген Преси хатының үлгілері дислексия мен дисграфияға тән көптеген қателерді көрсетеді, мысалы, carlfuly (carefully «мұқият»), rag (peg «ілгіш»), Presu (Перси). Морган Пресидің сандарды оқи алатынын, бірақ сөздерді жазуда қиындықтарға тап болғанын атап өтті. Мысалы, ол 7 санын ажырата алады бірақ жеті сөзін тани алмайды [7].

Дж. Хинселвуд кейінірек (1907 ж.) мұндай құбылысты «сөзді туа бітті танымау» деп атады (congenital word blindness). Ғалым дислексияны зерттеудің жаңа қырын ашып, ерекше жағдайды сипаттауды жекелей емес, бұзылыстың медициналық аспектілерін біртұтас талдауға және талқылауға аса мән берді. Оның пікірінше, мұндай ауытқушылықтың себебі мидағы «визуалды сөз орталығының» зақымдануынан болады. Қазіргі таңда зерттеушілер дислексиямен ауыратын адамдарда мидың бір емес, бірнеше аймағында бұзылулар, соның ішінде «тілдік желі» деп аталатын әртүрлі элементтерде (адамға тіл/сөйлеуді қолдануға мүмкіндік беретін ми аймақтарының жиынтығы) ерекшеліктер болатынын анықтады. Отандық тәжірибеде ұзақ уақыт бойы дислексия мен дисграфиядан зардап шегетін балалармен жұмыс істеу бойынша әдістемелік ұсыныстардың негізгі бөлігі педагогикалық тәжірибеге, қателіктердің сипатын зерттеуге және мінез-құлық ерекшеліктерін байқауға, белгілі бір жаттығулардың көмегімен белгілі бір дағдыларды дамыту мүмкіндігі немесе болжауға негізделген.

Нәтижелер мен талқылау

Лингвистикалық түзету. Дислексияны түзету әдістерін дамыту және жетілдіру үшін физиологтар, нейропсихологтармен бірге лингвистердің де біріге жұмыс атқаруы маңызды. Себебі тілдің қай деңгейімен жұмыс істеу қажет, сабақтың оңтайлы схемасын таңдау, жаттығулар кешенінен ең тиімдісін қолдану сияқты сұрақтарға жауап іздеу – лингвистердің тікелей құзіреті. Жүктемені азайту, дұрыс тамақтану, қолдау, оқу жағдайын реттеу, үйлестіру жаңа дағдыларды қалыптастыруға жағдай жасайды. Бірақ лингвистикалық білімге негізделген жаттығулар жүйелілікті сақтауға көмектесіп, нақты тілдік бағытқа арналған.

Түзету тәжірибесіне 4 сыныпқа өткен, 10 жасқа толған Дильназ есімді қыз қатысты. Оған 6-7 жасында жүйке жүйесінің органикалық патологиясынан туындайтын сөйлеудің бұзылысы, яғни сөздерді немесе жеке дыбыстарды бұрмалап айтумен сипатталатын дизартрия диагнозы қойылған. 8 жасқа дейін ата-анасы логопед мамандардың көмегіне жүгініп, тиісті көмек алған. 8 жасында баланың ауызша сөйлеуі жақсы дамып, тұрмыстық және күрделі (абстрактілі) тақырыптарға байланысты ойын еркін жеткізе алады. Алайда Дильназ оқу мен жазуды меңгеруде айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Мысалы оқу жылдамдығы орташа деңгейден едәуір төмен, жалғауларды шатастырады, сөздердегі әріптерді өзгертіп жазады, сөзді құрайтын буындардың жартысын жазбайды, тіпті бір сөзді де көшіріп жазу айтарлықтай қиындық тудырады.

Баламен түзету жұмыстарын бастамас бұрын екі маңызды факторға назар аудару қажет. Біріншісі – дислексия мен дисграфия нейрондық бұзылулардың нәтижесінде пайда болатындықтан ми құрылымдарының жақсырақ жұмыс істеуі үшін қолайлы орта туғызу қажет, екіншісі – дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жаттығулардың дұрыс жүктемесін ұсыну. Ең маңыздысы жаңа дағдыларды қалыптастыру энергияны қажет ететін процесс екенін есте сақтау қажет. Сондықтан түзету жұмыстары басталғанға дейін балаға белгілі бір уақыт аралығында ең қолайлы күн тәртібін ұйымдастыру маңызды. Баланың күн тәртібіне таза ауада серуендеу, оттегімен тыныс алу (оттегі концентраторы арқылы), ұйқы, дұрыс тамақтануды қолға алу сияқты шаралар енгізілді.

Лингвистикалық түзету жұмыстарын ұйымдастыру «қарапайымнан-күрделіге» қағидаты арқылы жүргізілді. Тілдің ең қарапайым деңгейі фонематикалық деңгей сөздер мен морфемаларды бір-бірінен мағына, форма жағынан ажырату қабілетін дамытуды қамтиды. Мақсат – баланы артық ақпаратпен толтырмай, мысалдармен құрылымдық тілдік тәжірибенің жеткілікті мөлшерін бере отырып, позициялық ауыспалы дыбыстар туралы түсінік қалыптастыру. Бұл деңгейді жаттықтыру үшін біз шартты түрде «сол-жол» деп аталатын жаттығуды қолдандық (бір фонеманы ауыстыратын сөз таңдау ойыны). Ересек адам сөзді атайды, балаға доп лақтырады, ал допты ұстап алғаннан кейін бала белгілі бір фонеманы екіншісіне ауыстыруы керек. Мысалы бол-тол, ас-ес, ал-бал. Жаттығулар бірнеше рет қайталанауы қажет. Себебі бұл белгілі бір дәрежеде автоматизмді дамытады.

Келесі жаттығу жүйесі графемаларды ажырату дағдысын қалыптастыруға арналған. Бұл үшін «тыңшы» және «үш сөз» жаттығуы қолданылды. «Тыңшы» жаттығуында белгілі бір әріптерді түрлі таңбалар арасынан, алдымен жеке әріптер қатарынан, содан соң сөздердің құрамынан, сөйлемнен, қысқа мәтіннен тауып, белгілеп, қандай да бір түспен ерекшелейді. Жаттығу үлкен қаріптен біртіндеп орташа көлемдегі қаріпке көшу арқылы жүргізілді. «Үш сөз» жаттығуы зейінді ауыстыруға, тілдік бірліктерге назар аудартуға бағытталған. Алдымен балаға омоним сөздердің жұптарын (үш жұп) табу тапсырмасы ұсынылды, содан соң осы сөздердің ішіндегі әріптерді әр түрлі түстермен бояу қажеттігі айтылды. Сөздер 1-4 сынып аралығындағы сөздер тізімінен алынған. Жақын уақытта қолданған сөздерді таңдап алудың басты себебі – жүктеменің бала дамуының аймағында болуы. Әр тапсырма сайын қиындық деңгейі артып отырады. Жаттығуларда қолданылатын сөздер қайталанады, бұл дағдыларды нығайтуға көмектеседі.

Морфемаларды ажырату және парадигматикалық байланыстарды табу дағдысын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүйесін жоғарыда сөз болған жаттығулар жүйесімен

байланыстырдық. Мысалы доппен ойнау кезінде зат есімдерді септеу (алдымен балаға ереже түсіндірілді, алғашында септік атауы мен сұрағын айтып, көмектестік, кейін есінде сақтап, тез жауап берді), ал «үш сөз» жаттығуында жекелеген әріптерді емес, сөздерге жалғанатын қосымшаны (жалғау не жұрнақты) бояу қажет. Бұл кезеңде жұмыстың едәуір бөлігі ауызша орындалды, өйткені тіпті жеке сөздерді үлгі бойынша қайталап жазу қиындық тудырды. Дегенмен есте сақтау үшін жалғаулардың кестесі ұсынылды. Бір күнде екі кестелен артық берілмеді. Кейін осы кестеден берілген сөздердің дұрыс жұрнағын, дұрыс жалғауын табу тапсырмасы берілді. Осылай алғашқы кезеңдерде берілген тапсырмалар жүйесі біртіндеп күрделене түсті. Бұл бір жағынан қалыптасқан дағдыларды бекітуге, екінші жағынан жаңа дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Мәтінді көшіріп жазу. Бұл тұста мұғалімнің міндеті – кем дегенде бір сөзді дұрыс жазуға үйрету. Баланың айтуынша, бір уақытта ол кейбір әріптердің ұқсас нұсқаларын «көреді». «Тыңшы» және «үш сөз» жаттығуларын бірнеше рет орындаған соң алдымен бір сөз, кейін екі сөз, одан соң үш сөз жазды.

Екінші аптаның соңында балада ілгерілеу байқаған соң тағы бір жаттығу енгіздік. Бұл жолы бірнеше сөзден тұратын сөйлемді көшіріп жазу ұсынылды. Бірден дұрыс жазу мүмкін болмады. Қатені дұрыстап, бірнеше рет көшіріп жазудың тиімсіз екі себебі бар: ынтаны төмендетеді және оқу туралы қате ассоциация тудырады. Сондықтан әр түрлі анализаторларды (визуалды, есту, тактильді, кинестетикалық) максималды түрде қосу әдісі немесе Р.И.Лалаеваның [10] терминологиясына сәйкес «полимодальды афферентацияларды максималды қолдану принципі» таңдалды. Алдымен балаға баяу, одан соң ритмді түрде сөйлемді оқыдық. Бала тыңдап отырып, әр оқылған сөзді саусақпен көрсетіп отырды. Бірақ кейбір сөздерді дұрыс көрсетпейтіндіктен оқылған сөздердің буынын қарындашпен белгіледік. Кейін тыңдап отырып, дұрыс көрсету мүмкіндігі болмады. Бұл екі әрекетті синхронды және дәл орындау қиынға соқты. Сондықтан оқу мен оның саусағының қозғалысы сәйкес келгенше жаттықтық. Дислексиямен ауыратын балаға арналған бұл процесс энергияны қажет ететіндіктен бала есінеп, ашулана бастады. Сондықтан арада бір-екі минут үзіліс берілді. Жаттығуды орындағаннан кейін бір сағатқа үзіліс жасадық. Бірнеше күн бойы жаттығуды жүктемені арттырмай жалғастырдық. Кейінірек мәтінге ұластырдық, қаріпті де кішірейттік. Тапсырманы жеңілдету үшін мәтінге фонетикалық, графикалық, парадигматикалық дағдыларды жаттықтыру кезеңінде қолданған сөздерді қосуға тырыстық. Нәтижесінде бала оннан астам сөйлемді қатесіз көшіріп жаза алатын деңгейге жетті.

Қорытынды

Дислексияны қысқа мерзімді, бірақ қарқынды және сәтті түзетудің жоғарыдағы мысалы салыстырмалы түрде сирек кездесетін мысал болып табылады. Дегенмен бір уақытта әртүрлі жеке зерттеулерде ұсынылған көптеген әдістерді қолдану, көрсетілген тәсілге ұқсас тәсілді қолдану айтарлықтай оң нәтиже береді. Мектептерімізде сала мамандары кешенді, бірлескен жұмыс атқаруы маңызды. Қазақ тілі пән мұғалімдерінің де сәйкесінше арнайы білімі болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Волкова Л.С., Шаховская С.Н. Логопедия. Учебник для студентов дефектологических факультетов пед. вузов // Под ред. Волковой Л.С., Шаховской С.Н. –М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1998. – 680 с.
2. Лурия А.Р. Высшие корковые функции человека и их нарушения при локальных поражениях мозга. – М.: Издательство МГУ, – 1969. – 504 с.
3. Ахутин Т.В., Иншакова О.Б. Нейропсихологическая диагностика, обследование письма и чтения младших школьников. – М.: В. Секачев, 2016. – 128 с.
4. Lyon G.R., Shaywitz S., Shaywitz B. (2003) A definition of dyslexia. *Annals of Dyslexia*, – 53. – P. 1-14.
5. Dejerine J. (1891) Sur un cas de cécité verbale avec agraphie suivi d'autopsie. *Comptes Rendu de la Société de Biologie*, 3. – P. 197-201.

6. Miles T. R. and Miles E. Dyslexia a hundred years on. – 2nd edition. – Buckingham, 1999.
7. Morgan W. P. A case of congenital word blind-ness // British Medical Journal. – 1896. – No 7 (2). – pp. 1378-1389.
8. Лурия А.Р. Высшие корковые функции человека. – СПб.: Питер, 2018. – 768 с.
9. Корнев А.Н. Основы логопатологии детского возраста: клинические и психологические аспекты. – СПб: Речь, 2005. – 533 с.
10. Лалаева Р.И. Нарушения чтения и пути их коррекции у младших школьников. Учебное пособие. СПб.: Издательство «Союз», – 2002. – 224 с.

REFERENCES:

1. Volkova L.S., Shahovskaja S.N. Logopedija. Uchebnik dlja studentov defektologicheskikh fakul'tetov ped. Vuzov. [A textbook for students of pedagogical faculties of defectology. universities] // Pod red. Volkovoj L.S., Shahovskoj S.N. – M.: Gumanit. izd. centr VLADOS, – 1998. – 680 p.
2. Lurija A.R. Vysshie korkovye funkicii cheloveka i ih narushenija pri lokal'nyh porazhenijah mozga. [Higher cortical functions in human beings and their impairments in local brain lesions.] – M.: Izdatel'stvo MGU, – 1969. – 504 p.
3. Ahutina T.V., Inshakova O.B. Nejropsihologicheskaja diagnostika, obsledovanie pis'ma i chtenija mladshih shkol'nikov. [Neuropsychological diagnostics, examination of writing and reading to the younger schoolchildren]. M.: V. Sekachev, – 2016. – 128 p.
4. Lyon G.R., Shaywitz S., Shaywitz B. (2003) A definition of dyslexia. Annals of Dyslexia, – 53. – P. 1-14.
5. Dejerine J. (1891) Sur un cas de cécité verbale avec agraphie suivi d'autopsie. Comptes Rendu de la Société de Biologie, 3. P. 197–201.
6. Miles T.R. and Miles E. Dyslexia a hundred years on. – 2nd edition. – Buckingham, 1999.
7. Morgan W. P. A case of congenital word blind- ness // British Medical Journal. – 1896. – No 7 (2). – pp. 1378-1389.
8. Lurija A.R. Vysshie korkovye funkicii cheloveka i ih narushenija pri lokal'nyh porazhenijah mozga. [Higher cortical functions in human beings and their impairments in local brain lesions.] M.: Izdatel'stvo MGU, – 1969. – 504 p.
9. Kornev A.N. Osnovy logopatologii detskogo vozrasta: klinicheskie i psihologicheskie aspekty. [Fundamentals of speech therapy for childhood: clinical and psychological aspects]. SPb.: Rech', – 2006. – 380 p.
10. Lalaeva R.I. Narushenija chtenija i puti ih korrekcii u mladshih shkol'nikov. Uchebnoe posobie. [Impairments of reading skills and the ways of speech therapy for younger school children. Textbook]. SPb.: Izdatel'stvo «Sojuz», – 2002. – 224 p.

АСПЕКТЫ КОРРЕКЦИИ ДИСЛЕКСИИ И ДИСГРАФИИ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА: ОПЫТ УСПЕШНОГО ПРИМЕНЕНИЯ КОМПЛЕКСНОГО ПОДХОДА

Айтказы Ш.М. , Абызова А.М.*

Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Казахстан, г.Талдыкорган

**e-mail: shaitkazieva@gmail.com, rakhimova-86@mail.ru*

Язык и речь являются неотъемлемой частью человеческого мышления и общения. В настоящее время нарушение навыков чтения, письма встречается у многих детей. В статье описывается научное определение таких понятий, как дислексия, дисграфия, а также их симптомы. Особое внимание уделяется лингвистическим аспектам коррекции дислексии и дисграфии и рассматривается исследование. Описывая различные виды нарушений в чтении

и письме, авторы отмечают необходимость комплексного, а не единичного анализа нарушений. В ходе исследования предлагаются специальные упражнения и задания для решения трудностей в навыках чтения у детей. В результате качественных методов и данных, полученных с помощью методов наблюдения, эксперимента, демонстрируется эффективность коррекционной работы, направленной на улучшение навыков чтения у детей с дислексией. Отмечается, что благодаря ранней диагностике и своевременной помощи у детей повысятся возможности для развития навыков чтения. В статье особое внимание уделяется необходимости интеграции нейропсихологических и педагогических аспектов, а также важности специального образования учителей.

Ключевые слова: дислексия, дисграфия, нейролингвистика, механизм коррекции нарушений чтения и письма.

ASPECTS OF DYSLLEXIA AND DYSGRAPHY CORRECTION IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS: EXPERIENCE OF SUCCESSFUL APPLICATION OF AN INTEGRATED APPROACH

Sh.M. Aitkazy*, A.M. Abyzova

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

*e-mail: shaitkazieva@gmail.com, rakhimova-86@mail.ru

Language and speech are an integral part of human thinking and communication. Currently, impaired reading and writing skills are found in many children. The article describes the scientific definition of such concepts as dyslexia, dysgraphia, as well as their symptoms. Special attention is paid to the linguistic aspects of dyslexia and dysgraphia correction and the study is considered. Describing various types of violations in reading and writing, the authors note the need for a comprehensive, rather than a single analysis of violations. In the course of the study, special exercises and tasks are offered to solve difficulties in children's reading skills. As a result of qualitative methods and data obtained using observation and experimental methods, the effectiveness of correctional work aimed at improving reading skills in children with dyslexia is demonstrated. It is noted that thanks to early diagnosis and timely assistance, children will have increased opportunities to develop reading skills. The article pays special attention to the need to integrate neuropsychological and pedagogical aspects, as well as the importance of special education for teachers.

Keywords: dyslexia, dysgraphia, neurolinguistics, mechanism of correction of reading and writing disorders.